—Ия, биылғы оку жылында оку қызметтерінің атауларында және топ атауларында өзгерістер болғанын есітіп отырмыз..Биылғы оку жылына жасалған жылдық жоспар, оку қызметінің кестесі, күн тәртібі және вариативтік оку қызметтері ынғайлыш жасалған. Циклограмма бойынша өз жұмысымызды апта бойына талапқа сай орындеймиз.

Индикатор, яғни «Оқу нәтижесі» үш кезең бойынша жүргізілетін болды

1-ші қыркүйектің 10-на дейін,

2-ші тоқсан аяғы қантар айында,

3-ші мамыр айында .Біз осы көрсеткіштер арқылы баланың даму деңгейін аныктап отырамыз. Сондықтанда талапқа сай жұмыс жасауга, саналы тәрбие беруге шақырамын

Н.Сыздық -музыка жетекшісі

Оку жылы әдеттегідей түрлі жаналықтарымен басталды. Мен де барлық топта музикаға деген балалардың құлышынысы өте жақсы. Оку қызметтерінің кестесі, жалпы жоспарлар стандарт талаптарына сәйкес келеді. Биылғы оку жылында да вариативтік оку қызметінде «вокал»-енгенін біліп отырмын, бұл өте жақсы. Күннің II жартысында балалар емін-еркін «Музика» еліне саяхатқа шыға алатын болады Күн тәртібі өкү

kesteleri, жылдық жоспар қанагаттанарлық деп есептеймін

Г.Қалаубекова- тәрбиеші

- Міне, жаңа оқу жылы да басталып кетті. Топтарымыз жаңа оқу жылына дайын. Топ балаларының да құжаттары толықтай дайындалды Жылдық жоспарда атқаратын жумыстарымыз, ашық оқу қызметтеріміз толық қамтылған Жоспардың мақсатына сай балалардың өмірі мен деңсаулығын қорғау үшін жұмыс жасаймыз Балалардың танымдық қабілеттерін арттыруға, ақыл—есі мен ойлау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ, күннің Шартысында өтілетін вариативтік оқу қызметтері балаларға лайықты таңдалып алынған. сондықтанда балаларды тәрбиелеуге өз үлесімізді қосайық.

М.Оспанова---тәрбиеші

-Бұгін жаңа оқу жылдарының жоспарларымен толықтай таныстық Бір жыл бойы жұмыс істеуге қолайлы оқу кестелері, вариативтік оқу қызметтері көнілге қонымды Вариативтік оқу қызметінде біздер, ересек тобына «Ертегілер елінде» оқу қызметін таңдалап отырымсыз. Бұл балалар үшін қызықты тартымды өйткені, ертеңі арқылы бала адамгершілікке, имандылыққа яғни, тәрбие баспалдағына қадам басады. Биылғы оқу жылдарында жақсы жетістіктерге жетеміз деген ойдамыз

Қаулы:

1. «Балдырган» бебекжай балабақшасының 2019-2020 оқу жылына жасаған бір жылдық жоспары қанагаттанарлық деп табылып, бекітілсін
2. Эр топқа 2019—2020 оқук жылдарында жасалған оқу жоспарлары мен оқу қызметтерінің кестесі стандарт талабына сай деп табылып, бекітілсін
3. 2019-2020 оқу жылдарында баланың жас ерекшеліктеріне сай жасалған күн тәртібі талапқа сай деп табылып, бекітілсін
4. 2019-2020 оқу жылдарында арналған вариативтік оқу қызметтері бекітілсін
5. Жаңа оқу жылдарында аттестаттаудан өтуші педагогтардың құжаттарын дайындалап аудандық білім бөліміне тапсыру, әдіскер Б.Омаровага жүктелсін
6. Балаларды орыс тіліне үйретуді талапқа сай атқару орыс тілі маманы Р.Абыловадан сұралсын
7. Стандарт талабына сай жұмыс атқару педагог тәрбиешілерден сұралсын

Жиналыс төрағасы:  К.Исмайл

Хатшы:  Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы № 2

Барлығы 14
Катысқаны -13
Себепті-1
29.11.2019 жыл

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі жастагы балаларды рухани-адами құндылықтардың, патриоттық сезімдерін қалыптастыру максатында асықтан көрнекіліктер жасап ұйымдастырылған оку қызметтерінде қолдану»
2. Педагогтың шығармашылығы-шығармашылық жұмыстарын жалғастыру, педагогтар ізденісі
3. Дене шынықтыру (қауіпсіз, мінез-құлық) сауықтыру жұмыстарын жүргізуін кешенді жолдары.
4. Өткізілген ашық оку қызметтерін талдау.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде **бірінші** мәселе бойынша әдіскер Б.Омарова баяндама жасады. (баяндама коса тігілді)

Күн тәртібіндегі **екінші** мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері өз шығармашылық жұмыстары туралы және оның орындалуы жөнінде айтып мәлімет берді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша мейрбикесі Ж.Туреханова «Дене шынықтыру сауықтыру, жұмыстарының жүргізуін кешенді жолдары туралы» баяндама жасады.

Төртінші мәселе бойынша өткізілген ашық оку қызметтеріне талдау жүргізді.

Сөз сөйлегендер:

Г.Талипова- тәрбиеші

- Мектепке дейінгі жастагы балаларға асықтың түрлерін қолдана отырып, яғни асық технологиясы қазіргі таңда көптеген балабақшада қолданылады. Әдіскер Б.Омарованың асық терапиясын балабақшада көтеп қолданайық дегенін аса қуаттаймын. Себебі Асық-біздің ұлттық мұрамыздың бірі. Біз оны бала бойына дамытсақ құба-құп болар еді. Л.Рысдәүлеттің «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобында өткізілген ашық оку қызметі өте керемет өткізілді. Жас мамандарға үлгі болатын оку қызметі.

Ж.Қайырлыба- тәрбиеші

Әдіскер Б.Омарованың бүгінгі баяндамасында атадан балага өнеге болып қалар қазак ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі- асықты балаларға құнделікті оку қызметтеріне енгізіп, ойнатып түсіндіру арқылы математика негіздерін бала бойына сініруге болатынын накты көрсетіп берді. Иә, дұрыс біздер ұлттық рухымызды жаңғыра отырып баланың бойына өз салт-дәстүрімізді сініруіміз қажет.

«Ботақан» ересектер тобында А.Момбекованың «Құстарға қамкорлық» тақырыбындағы ашық оку қызметі бұрынғы өткен оку қызметіне карағанда өте тартымды болды. Тәрбиешінің өзін-өзі ұстауы, балаларға түсіндіруі, топтық жұмыс жасауы талапқа сай болды. Менің тәлімгер ретіндегі ұсынысым: балалармен жеке жұмыстар жасауды көбейту. Ал тәрбиешілер Л.Рысдәulet пен Г.Талипова болсада майталман тәрбиешілер оку қызметтері керемет.

К.Оразбай –тәрбиеші

-Иә, бұғінгі баяндарлама өте құнды болды. Себебі, біз асық терапиясын колдану барысында асыкты төрт-түлік мәлдін сүйегінен алатынын айта отырып, жан-жануарлар туралы да мәлімет бере аламыз. Біздер өздеріміз жұмыс істеп отырған шығармашылық жұмыстарымызды үнемі дамытып отырамыз. Оны оку қызметтерінде колданамыз. Қазіргі таңда АКТ колдану барысында жұмыссымызды жандандыра түсеміз. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары біздін жұмыссымыздың бөлінбес бір бөлшегі. Себебі біз кішкентай бұлдіршіндердің денсаулығын үнемі нығайтып отыруға міндettіміз.

Ал, ашық оку қызметтеріне келсек Г.Талипова, Л.Рысдәulet, Г.Қалаубекованаң оку қызметтері өте жаксы. Себебі олар шебер мамандар. Айнұр жаксы өткізді, әлде де болса көп үрленуі керек.

Б.Омарова -әдіскер

-Иә, бұғінгі кеңесте тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстары туралы біраз мәлімет алдық. Әлде де болса аксап жатқан тұстарымыз аз емес. Атап көрсетsem: өз жұмыстарымыздың жаксы тұстарын басылым беттеріне жариялау, сайдка беру, байқауларға (онлайн) т.б. қатысу аз. Осыны қолға алсаныздар. Ал, мейірбикенің баяндамасында айтталғандай баланың денсаулығын нығайтудың түрлі әдіс-тәсілдерін колданыңыздар. Тәрбиешілер: Г.Талипованаң, Л.Рысдәүлеттің, Г.Қалаубекованаң оку қызметтерінде АКТ толық колданылды. Балалар интерактивті тактамен жұмыс жасай алды. Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оку қызметтерінде балаларды қызықтыра отырып мақсаттарына жетті.

Ал жас маман Айнұр болса төсөліп калған. Бірақ әлдеде көптеген дайындық, сөздік корын молайту керек. Баламен жеке жұмыстарды қолға алғаны жөн. Оку қызметі баланың жас ерекшелігіне сай күрүлған. Болашакта жаксы тәрбиеші шығады деп ойлаймын.

Қаулы:

1. Әдіскер Б.Омарованаң «Асық терапиясы» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Тәрбиешілерден асық тенологиясын оку қызметтерінде колдану сұралсын.
3. Педагог қызметкерлер өздерінің шығармашылық жұмыстарын одан әрі жандандырсын.
- 5.Педагог мамандарға өздерінің озық жұмыстарын басылым беттері мен интернет сайдтарға жариялау тапсырылсын.
- 6.Балалардың денсаулығын нығайту, сауықтыру шараларының озық әдістерін баланың жас ерекшеліктеріне сай колдану тәрбиешілерге тапсырылсын.
7. Тәрбиешілер Л.Рысдәүлеттің «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобындағы «1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 сандарының пайда болуы мен таныстыру», Г.Талипованаң «Балауса» ортаңғы тобындағы «Үй жануарлары», Г.Қалаубекованаң «Балбөбек» кіші тобындағы «Түрлі-түсті дәрумендер», А.Момбекованаң «Ботакан» ересек тобындағы «Құстарға қамқорлық» тақырыптарындағы оку қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төратасы:  К.Исмайыл

Хатыны:  Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

05.01.2020

**Барлығы -14
Қатысқаны 13**

Күн тәртібінде:

1. Оқу-тәрбие жұмыстарының стандарт талабына сай орындалуы туралы жарты жылдық есеп. /әдіскер Б.Омарова/
2. Аралық мониторинг. Балалардың оқу нәтижесін бақылау /әдіскер Б.Омарова/
3. Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары / топ тәрбиешілері есебі/
4. Балалардың танымдық-экологиялық сезімдерін қалыптастыру барысы /тәрбиешілер Н.Аликулова, А.Момбекова, Қ.Оразбай/
5. Өткізілген ашық оқу қызметтерін талдау / пед.ұжым/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші және 2-ші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Омарова баяндама жасады. / баяндама қоса тігілді/

- Балабақша әдіскері Б.Омарова өз баяндамасында 2019-2020 оқу жылындағы I жарты жылдықтағы оқу –тәрбие жұмыстарының алға койған міндеттері мен мақсаттары стандарт талабына сай орындалғаны туралы айтып өтті. Төрт топтың да аралық мониторингі өз дәрежесінде еkenін, балалардың оқу нәтижелерінің көрсеткіші талапқа сай еkenін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша ,яғни «Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары» туралы топ тәрбиешілері өз есептерін берді. / баяндама қоса тігілді/

Жалпы баяндамаларда айтылғандай балаларға патриоттық тәрбие беру жағдайлары қанағаттанарлық деңгейде еkenі байқалды.

Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша тәрбиешілер Н.Аликулова, А.Момбекова, Қ.Оразбайлар баяндама жасады.

- Балаларға танымдық-экологиялық тәрбие беру жағдайлары «Таным» білім беру саласы оқу қызметтері арқылы ғана таныстырылып қоймай, серуен кезінде, күннің еkenші жартысында да жүзеге асырылып жатады.

Сөз сөйлегендер:

Исмайыл Қарлығаш- балабакша менгерушісі

- Жалпы баяндамалар мен есептерді тыңдай келе 2019-2020 оку жылышынң оку-тәрбие жұмыстары ойдағыдай жүріп жатқаны байқалады. Жұмыстарымыз жылдық жоспарға сай орындалуда. Индикатор, мониторингтер де талапқа сай болып тұр. Бізде балаларды патриоттыққа тәрбиелеу барысы күнделікті жүргізілетін жұмыстардың бірі. Ал танымдық білім беру жұмыстары күннің бірінші және екінші жартысында да жүргізіледі. Откізілген ашық оку қызметтері қанағаттанарлық деңгейде.

Рысдәulet Ләйлә - тәрбиеші

- Жарты жылдық оку жылымыз да аяқталып қалды. Топқа жаңадан келген ,бұрын балабакшаға бармаған балаларды тәрбиелеу өте киынға сокты. Оларда оку-тәрбие жұмыстарына бейімдеу жұмыстары жүргілмегендіктен жеке жұмыстарды көптеп жүргіздік. Сонын нәтижесінде бұрыннан балабакшада болған балалармен жедекабыл жағдайға жетті. Жарты жылдық оку-тәрбие жұмыстарын жылдық жопарға сай орындалдық. Жарты жылдықтағы ашық оку қызметтері мен ертенгіліктеріміз өз деңгейінде болды. Оқылған баяндамаларды қанағаттанарлық деп есептеймін.

Қайрлыбай Женісқұл - тәрбиеші

- Жарты жылдық жұмысымыз өз дәрежесінде жүргізілді деп ойлаймын. Себебі біздер үлгілік оку жоспарына сай әрекет ету деміз. Балаларымыз 2-3 жас аралығында. Оларға өмір сүрудің калғы шарттарын қалыптастыру да оңай емес.Бәрі де анасының ыстық құшағынан келіп отырған балалар. Адаптациялық кезенде қындықтар болды. Балалар қазір балабакша өміріне қалыптасып, оку-қызметтерінде белсенділік танытып жүрген балаларымыз да баршылық Откізілген іс-шаралар мен ашық оку қызметтері өте жақсы деңгейде деп ойлаймын. Тәрбиешілердің барлығы да инновациялық технологияларды кеңінен колданды. I жарты жылдықтың есебі қанағаттанарлық деп ойлаймын.

Омарова Бибигул – әдіскер

- Біздің негізгі максаттарымыздың бірі- бала денсаулығын нығайта отырып, тәрбие мен білім беру, патриоттыққа тәрбиелеу. Осы максаттарды жүзеге асыруда біздер жұмыс жасаудамыз. Өздерінің жоғарыда байқағандай I жарты жылдық оку-тәрбие жұмыстарының

барысы ойдағыдай аяқталғанын айттыңыздар. Иә , жұмыс болған соң оның қызығы мен қындығы қоса жүреді. Біздер балаларды кішкентай кезінен-ак өз Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Сонымен бірге салт-дәстүрімізді біліуге, тілімізді менгерте отырып, адамгершілік қасиеттерді бойларына сініруге тиіспіз. Жоғарыда, баяндамалардан аңғарғанымыздай балаларды патриоттықта тәрбиелеу жұмыстары өз деңгейінде жүріп жатқанын байқадық. Енді әр топ баланың жас ерекшелігіне сәйкес бұл жұмыстарды ары қарай жандандыруы тиіс.

Осы уақытқа дейін өткізген ашық оқу қызметтерінің барлығында да интерактивті такта қолданылды. Тәрбиешілер оқу қызметтерін түрлендіріп өткізуде. Бұл қуанарлық жағдай. Тәрбиешелер Л.Рысдәulet, Г.Талипова, М.Оспанова, Н.Аликулованың оқу қызметтері өте жаксы өткізілді. А.Момбековаға балалармен жеке жұмыс жасауға ұсыныс берілді.

Танымдық білім беру жұмыстары да үнемі назарда. Ол жұмыстар да жоспарға сай атқарылуда. Жалпы баяндамалар қанағаттанарлық деп есептеймін.

Қауалы:

1. 2019-2020 оқу жылының I жарты жылдығындағы оқу –тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылып, қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. 2019-2020 оқу жылындағы I жарты жылдық қорытындысы бойынша жасалған аралық индикатор/мониторинг / бойынша тәрбиеленушілерді оқыту нәтижесі талапқа сай деп саналсын.
3. Тәрбиешілердің «Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары» бойынша жасаған есептері қанағаттанарлық деп саналсын.
4. «Балалардың танымдық-экологиядық сезімдерін қалыптастыру» барысы бойынша тәрбиешілер Н.Аликулова, А.Момбекова, К.Оразбайдың баяндамалары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
5. Оқу қызметтерін баланың жас ерекшеліктеріне сай түрлендіріп, жаңаша сипатта өткізу педагог-қызметкерлерден сұралсын.



Жиналыс тәрағасы:

Хатшы:

К.Исмайыл
Б.Омарова

Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

27.03.2020

**Барлығы -14
Қатысқаны 12
Онлайн негізде Zoom**

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балабақшада мектепке дейінгі балалардың денсаулығы мен адамгершілік- рухани тәрбиесі»

1. Жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес, балаларға рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. /әдіскер Б.Омарова/
2. «Таным» саласындағы дамытушылық ойындар арқылы балалардың біліктілігін қалыптастыру /тәрбиеші Г.Қалаубекова/
3. «Қатынас» білім беру саласындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік құзіреттілігін дамыту. / тәрбиеші Г.Талипова/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.Омарова баяндама жасады. /баяндама қоса тігді/

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Қалаубекова Баяндама жасады./баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Талипова баяндама жасады /баяндама қоса тігілді/

Сөз сөйлегендер:

Қ.Оразбай -тәрбиеші

- иә, әдіскер баяндамасында айтылғандай балаларға ең алдымен ата аларында, үлкенді сыйландар, оларға көмектесіндер деп үйретеміз. Жоспарға және жоспардан тыс салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелейміз. Ал, балалардың танымдық қабілеттерін бала балабақшага келген күнненәк үйрене бастайды. Күнделікті оқу қызметтері мен, серуен уақытында да ойын кезінде де танымдық қабілеттері дами бастайды.

Н.Аликулова –тәрбиеші

- Балалардың тілін баяндамада айтылғандай ертегі оқу барысында, оның мазмұнын айтқызуда, рольдік ойндарда ,театр жұмыстарында да дамытып отырамыз. Балалардың тілдік қорын арттыруда дидактикалық ойындардың да маңызы зор. Бала ойын ойнау барысында бір-бірімен тілдік қатынас жасай отырып сөздік қорын молайта түседі. Балаларды ұлжандылыққа қазақ батырлары мен ұлы ақындарымыздың өлеңдері мен әнгімелерін қолданамыз. Жалпы барлық баяндамалар қанағаттанарлық деп есептеймін.

Сөз сөйлеген Н.Сыздық, М.Оспановалар да өз пікірлерін осы мағынада білдірді. Баяндамалар жақсы деген баға берді.

Қаулы:

1. Әдіскер Б.Омаровың «Жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес, балаларға рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу», тәрбиеші Г.Қалаубековың «Таным» саласындағы дамытушылық ойындар арқылы балалардың біліктілігін қалыптастыру», тәрбиеші Г.Талиповың ««Қатынас» білім беру саласындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік күзіреттілігін дамыту» тақырыптарындағы баяндамалары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Тәрбиешілер үнемі балаларды оқу қызметтері барысында және күн тәртібінің екінші жартысында ұлжандылыққа тәрбиелесін.
3. «Таным» білім беру саласы бойынша жұмыстар одан әрі жандандырылсын, жана технология элементтері кеңінен қолданылсын.
4. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың тілдік қорын дамытуда ойын түрлері көпtek қолданылсын, халықтық педагогикаға да баса мән берілсін.
5. Эр баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу педагог тәрбиешілерге міндетті болып табылсын.

Жиналыш төрағасы :  К.Исмайыл

Хатшы:  Б.Омарова



Педагогикалық кенес хаттамасы №5

22.05.2020

Барлығы -13

Катысқаны -13

Онлайн негізде Zoom

Күн тәртібінде:

1. 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарына есеп беру
Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының орындалуы туралы тәрбиешілер есебі.
/топ тәрбиешілері/
2. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын менгеруі, бастапқы аралық, корытынды индикатор нәтижелері
2019-2020 оқу жылынаң оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебі.
/ әдіскер Б.Омарова/
3. Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебі
/мейірбіке Ж.Туреканова/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша төрт топтың тәрбиешілері
II жарты жылдық оқу-тәрбие жұмыстарының есебін берді.

/есептер қоса тіркелді/

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Омарова баяндама жасады .

/ есеп қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мейірбіке Ж.Туреканова
хабарлама жасады.

/хабарлама қоса тігілді/

Сөз сөйлеушілер:

Қ.Исмайыл –менгеруші

- 2019-2020 оқу жылы да аяқталды. Бір әттегенайы мына дүниежүзілік пандемия. Соның салдарынан 16 наурыздан бастап балабақшамыз карантинге жабылды. МАД топтары оқу жылының соына дейін интернет желісі арқылы оқыды. Эр топ карантин уақытында тәрбиеленушілерімен, ата-аналарымен байланыста болды. Оқу жылын ойдағыдай аяқтадық. Алдағы уақытта карантин аяқталса жұмысымызды бұрынғыдай жалғастырамыз.

Л.Рысдәulet – тәрбиеші

- Біздер биылғы жылды да жаксы аяқтадық. Жылдық есепте көрсетілгендей балаларды оқыту нәтижесі де талапқа сай болды. Біздер карантин уақытында да онлайн жұмыс жасадық. Балалар оқу қызметтеріне белсене қатысты. Ата-аналарымыз да өз ырзалақтырын білдіріп жатты.
Сөз сөйлеген Г.Талипова, Н.Сыздық, М.Оспановалар да оқу жылының жылдық есебі талапқа сай деп өз ойларын білдірді.

Қаулы:

1. 2019-2020 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылсын.
2. 2019-2020 оқу жылындағы балабақша тәрбиеленушілерінің білім –білік құзіреттіліктері индикатор қорытындысы негізіне сүйене отырып қанағаттанарлық деп есептелінсін.
- 3.Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы стандарт талабына сай деп табылсын.
- 4.Педагог тәрбиешілердің екінші жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
5. Жыл бойы өткізілген ашық оқу қызметтері әр педагогтың шеберліктеріне сай қанағаттанарлық деп есептелінсін.
6. 2019-2020 оқу жылындағы балалардың денсаулық жағдайлары қанағаттанарлық деп табылсын.

Жиналыс төрагасы:

К.Исмайыл

Хатшы:

Б.Омарова



Педагогикалық кенес хаттамасы №1

08.09.2020

Барлығы -12

Қатысқаны 12

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті нормативті құжаттармен таныстыру
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшасымен таныстыру және осы бұйрыққа орай кезекші топтар ашу .
3. Қашықтықтан оқыту форматындағы сабактарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібімен таныстыру.
4. Балабақшаның 2020-2021 оқу жылында атқаратын жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру және бекіту.
5. 2020-2021 оқу жылына топтардың жас ерекшелігіне қарай жасалған жылдық оқу жоспарымен және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстыру және бекіту. Оқу жылындағы вариативтік оқу қызметтерін талдау және бекіту.
6. Жас ерекшеліктеріне сай топтардың күн тәртібімен бөтпелі тақырыптармен таныстыру және бекіту
7. Педагог мамандардың аттестациядан өтулерінің ережесімен таныстыру 2020-2021 оқу жылында аттестаттаудан категорияға өтініш беруші педагогтар жұмысымен таныстыру/Б.Омарова және Л.Рысдәulet/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселелер бойынша балабақша менгерушісі Қ.Исмайыл 2020-2021 оқу жылындағы басшылыққа алынатын нормативті құжаттармен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшасымен таныстыра отырып, осы бұйрыққа орай кезекші топтар ашу жөнінде мәлімдеме жасады. Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың (балалардың занды екілдерінің) өтініштері негізінде жүзеге асырылады,- деді. Сонымен бірге Қашықтықтан оқыту форматындағы сабактарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібімен таныстырды. Елде қатаң карантин тәртібі орнаған жағдайда ересек және МАД топтары қашықтықтан оқытылады,- деп ескертті.

2020-2021 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Отken оқу жылында санатқа отken педагогтарды атап өтті, аттестаттау ережесімен таныстырды және әдіскер Б.Омарова педагог-зерттеушіге, тәрбиеші

Л.Рысдәулет педагог-сарапшыға өтініш бергенін айтты. Екеуі де ұлттық тестқа баруы керек, жұмыстары сай,-деді.

Әдіскер Б.Омарова келесі мәселелер бойынша кезекші 4 топтың оку жоспарымен және үйымдастырылған оку қызметтерінің кестесімен және өтпелі тақырыптармен таныстырырды. Қашықтықтан оку үйымдастырылатын ересек және МАД тобының оку кестелерін таныстырырды.

Сонымен бірге осы оку жылындағы оку жоспарына КР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығымен өзгеріс енгізілді. Атап айтсам: ересек топта «Қатынас» білім саласндағы «Драма »-0,5 сағат ҰОҚ алынып, Көркем әдебиетке қосылып, 1 сағатты құрады. Мад тобында көркем әдебиет алтасына 1 сағатты, «шет тілі» алынып, «сауат ашу негіздері» 2 сағатты құрады. «Әлеумет», «Таным » білім беру салаларындағы «Экология негіздері» алынып тасталды. Ол қоршаған ортаға қосылып, 0,5 құрайды. вариативтік оку қызметтерін және жас ерекшеліктеріне сай топтардың күн тәртібімен таныстырырды. Күн тәртібіндегі әр үйымдастырылған оку қызметі аралығында гигиеналық шараларды орындауға уақыт қалдырылды. Бұл тазалық шаралары әр оку қызметі аралығында орындалуы туіс,-деді.

Жалпы оку-тәрбие жұмыстары, атқаратын жылдық жоспар «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы , / КР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер ментолықтырулар өнгізілді./;«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, /КР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар өнгізілді./

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып жұмыс жасаймыз ,-деп ойын тұжырымдады.

Сөз сейлекендер:

Аликулова Назира -тәрбиеші

- Былтырғы оку жылының наурыз айындағы карантин жарияланған уақытқа дейін балаларымыз алдымызда болып жұмысты жақсы істедік. Баланың даму деңгейін күнделікті қадағалап отырдық. Карантин уақытында топ балаларына қашықтықтан оку қызметін белгіленген кесте бойынша өткіздік.Балалдың білім деңгейлері ойдағыдай болды. 2020-2021 оку жылының он күндігінде де қашықтықтан оку қызметтерін өткізіп, балалармен кері байланыс жасадық. Енді кезекші топ ашылса тіпті дұрыс болар еді. Баламен бетпе-бет жұмыс жасасақ өте дұрыс болар еді. Жалпы балабакшаның жылдық жоспары, оку кестелері, вариативтік қызметтер,күн тәрті талапқа сай деп есептеймін.

Талипова Гаухар-тәрбиеші

-Иә, карантин жағдайында қашықтықтан балаларды оқыту оңай болған жоқ. Біздер биыл ересек топта жұмыс жасап жатырмыз. Он күн бойы балалармен қашықтықтан жұмыс жасадық. Балабақша кезекші топтармен жұмыс жасаса біз үшін де, балалар үшін де жақсы болар еді. Биылғы қолданыстағы нормативті құжаттарда біршама өзгеріс болған екен, енді осы жұмысты ойдағыдай орындаимыз деп ойлаймын. 2020-2021 оку жылдарының жылдық жоспары мен үйымдастырылған оку қызметінің кестелері көнілге қонымды, талапқа сай. Еліміз тыныш, балаларымыз аман болсыншы. Б.Омарова мен Л.Рысдәulet шебер мамандар, өтініш берген санаттарына лайық,-деді.

Момбекова Айнұр- тәрбиеші

-Мен жас маманмын. Осы екі жылдық жұмысымда көптеген нәрселерді көріп, біліп, оқып менгердім. Биыл да кіші топпен жұмыс жасаймын. Еңбек өтілі жоғары апайлардан, әдіскерден, жетекшімнен әлі де аларым, үйренерім көп. Мына карантин, вирус бәрімізді әлекке салды. Аттестаттау ережесімен таныстық. Алдағы жылға санатқа өтуге дайындалып жүрмін. Жылдық жоспар, кестелер қанағаттанарлық жағдайда.

Сө сөйлеген музыка жетекшісі Н.Сыздық, тәрбиешілер М.Оспанова, Ж.Қайрлыбайлар осындаі пікірлерді білдірді.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес, «Балдырган» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында кезекші топтар ашылсын. Әр топтағы балалар саны 15 баладан асырылмасын.
2. Балаларды кезекші топқа қабылдау ата-аналар өтініші арқылы жүзеге асырылсын. Қабылдау кезіндегі санитарлық-гигиеналық, басқа да талаптар қатаң сақталынын.
3. 2020-2021 оку жылдарының жылдық жоспары қанағаттанарлық деп табылып, бекітілсін.
4. 2020-2021 оку жылдарының үйымдастырылған оку кестелері, вариативтік компоненттер, күн тәртібі талапқа сай деп табылып бекітілсін.
5. 2020-2021 оку жылдарының өтпелі тақырыптары төменде көрсетілгендей тақырыпта бекітілсін.
 1. «Балабақша»; 2. «Қош келдің, Алтын күз»; 3. «Бізді қоршаған әлем»;
 4. «Қызықты қыс мезгілі»; 5. «Алақай қыс келді!»;
 6. «Мен және қоршаған орта»; 7. «Салт-дәстүрлер және фольклор»;
 8. «Әрқашан күн сөнбесін!»; 9. «Бейбітшілік қорғаны»

6. Вариативтік компонентті жүзеге асыру үшін, Ортаңғы топқа : «Ертегілер елінде»; Ересек топқа: «Ертегілер елінде», «Шынықсан шымыр боласың»; МАД тобына: «Ертегілер елінде», «Шынықсан шымыр боласың», «Вокал»» вариативтік компоненттері бекітілсін.

7. Аттестаттаудан өтетін/ кезекті, кезектен тыс /педагогтар өтініші қабылданып, портфлиосы жинақталсын, ұлттық тестқа қатыссын.

8. Коронавирустын таралуына жол бермеу үшін елімізде карантин тәртібі қатаандатылып, балабақшалар жабылған жағдайда МАД тобы мен ересек тобы балаларын қашықтықтан оқыту әрі қарай жалғастыратын болсын.

Жиналыс терағасы  К.Исмайыл

Хатшы  Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

27.11.2020

Барлығы -12

Қатысқаны 12

Күн тәртібінде:

1. Қашықтықтан білім беру жұмыстарының барысы туралы
/әдіскер Б.Омарова/
2. Кіші топтағы балалардың сенсорлық –тәнімдық қабілеттерін арттыру
мақсатында колданылатын ойындардың бала дамуына әсері
/М.Оспанова/
3. Ересек топтағы балалардың тәнімдық белсенділігін арттыру
мақсатында логикалық ойындарды қолдану барысы
/К.Оразбай/
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде акпараттық технологияны
колдана отырып,баланың тәнімдық белсенділігін арттыру
/Баяндама Б.Омарова/
5. Коршаған ортамен таныстыру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелу
/баяндама Н.Аликулова/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 – мәселе бойынша әдіскер Б.Омарова хабарлама жасады. 2020-2021 оқу жылы нда балабақша жұмысы кезекші топтар арқылы жалғасты. Біздің балабақшада төрт топ жұмыс жасайды. Балалар заң талабына сай ата-аналдың өтініші арқылы қабылданды. Ал, биылғы оқу жылында екі топ балалары қашықтықтан оқып жатыр. Олар «Балауса » ересек тобы, ондағы бала саны -20, 11 бала балабақшага келіп жүр. Қалған балалар қашықтықтан білім алуда. «Бәйтерек» МАД тобында 25 бала бар. Оның 15 баласы балабақшага келіп жүр. Қалған балалар қашықтықтан білім алуда.

«Балауса» ересек және «Бәйтерек» МАД тобының тәрбиешілері қашықтықтан оқыту қызметінің кестесіне сай балаларға оқу қызметтерін қашықтықтан жіберуде. Срнымен қатар олар кері байланыс жасауда.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелелер бойынша тәрбиеші М.Оспанова және тәрбиеші К.Оразбай,әдіскер Б.Омарова,тәрбиеші Н.Аликулова баяндама жасады. /баяндамалар қоса тігілді/

Сөз сөйлегендер:

Л.Рысдәulet –тәрбиеші

- Мен мектепалды даярлық тобында жұмыс жұмыс жасаймын. Балаларды қашықтықтан оқыту онай шаруа емес. Оқу қызметін оқу кестесіне сәйкес

жіберіп отырамыз. Бірақ, кейбір балалардың ата-анасы ашып көргенімен кері байланыс жасамайды. Алдымызға келіп жүрген балалар әлдекайда ілгері кетті. Жоғарыда оқылған баяндамалардан аларымыз көп болды. Жалпы баяндамалар қанағаттанарлық. Жалпы біздер балалардың сенсорлық-тәнімдік қабілеттерін дамыту, ой-өрістерін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияның алатын орны зор.

К.Оразбай –тәрбиеші

- Бізде көп балалар қашықтықтан оқып жатыр. Біз оку кестесіне сәйкес барлық оку қызметтерін жіберіп жатырмыз. Жоспары бар. Бірақ олар әлі кішкентай, ата-аналарымен бірге көріп түсінүлөрі керек. Оқылған баяндамалар қанағаттанарлық деп есептеймін.

Ж.Қайырлыбай –тәрбиеші

- Менің ойымша барлық балалар толық балабақшаға келіп оқу-тәрбие жұмысына қатысып отыrsa, өте жақсы болар еді, әрине. Бірақ кезекші топтар болған соң топтың жартысы ғана келуде. Балаларды біздер балабақшаға келген кезден-ак отансұйгіштікке тәрбиелейміз. Сенсорлық-тәнімдік қабілеттерін арттырамыз. Ал баяндамалар түсінікті, қанағаттанарлық.

Сөз сөйлеген А.Момбекова, Н.Сыздықтар да осы пікірді колдады.

Қаулы:

1. Кіші топ балаларының сенсорлық-тәнімдік қабілеттерін арттыруда инновациялық технология кеңінен колданылсын.
2. Ересек, Мад топтарының тәнімдік қабілеттерін арттыруда оқу-тәрбие жұмыстарына логикалық ойындардың колдануы қанағаттанарлық деп есептеліп, ары қарай жалғастырылсын.
3. Ұйымдастырылған оку қызметтерінде ақпараттық технологияны кеңінен қолданып, қашықтықтан білім беруді үздіксіз жүзеге асырсын.
4. МАД, ересек топтарында қашықтықтан оку қызметтері жоспарлы түрде талапқа сай өткізілсін.
5. Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізу тәрбиешілерден сұралсын.
6. Жалпы оқылған баяндамалар қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрагасы:

Хатшы :

К.Исмайыл
Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

06.01.2021

Барлығы -12

Қатысқаны 12

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының барысы, өзектілігі.
/әдіскер Б.Омарова/
2. I жарты жылдықтағы оқу-тәrbie жұмыстарына аналитикалық есеп берулер / әдіскер Б.Омарова, топ тәrbиешілері/
3. I жарты жылдықтағы оқыту нәтижелерінің индикаторлары, мониторингтері ,диагноностикалау
/әдіскер Б.Омарова/
4. Оку –тәrbie жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану.
5. Балаларға патриоттық тәrbie беру жұмыстары туралы
6. Откізілген ашық оқу қызметтерін талдау / пед.ұжым/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші және 2-ші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Омарова баяндама жасады. / баяндама қоса тігілді/

- Балабақша әдіскері Б.Омарова өз баяндамасында 2020-2021 оку жылындағы I жарты жылдықтағы оку –тәrbie жұмыстарының алға қойған міндеттері мен мақсаттары стандарт талабына сай орындалғаны туралы айтып өтті. Төрт топтың да аралық мониторингі өз дәрежесінде екенін, балалардың оқу нәтижелерінің көрсеткіші талапқа сай екенін мәлімдеді. Сонымен қатар ол қашықтықтан үйде оқып жатқан ересектер тобы мен Мад тобы балаларының да жұмыстары сарапанып қаралғанын алға тартты.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша ,яғни «Балаларға патриоттық тәrbie беру жұмыстары» туралы топ тәrbиешілері өз есептерін берді. / баяндама қоса тігілді/

Жалпы баяндамаларда айтылғандай балаларға патриоттық тәrbie беру жұмыстары балалардың жас ерекшеліктеріне сай, үлгілік бағдарламаны негізге ала отырып жүргізілген .

Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша тәrbиеші қалаубекова Гаухар баяндама жасады. /баяндама қоса тігілді/

Сөз сойлекендер:

Исмайыл Қарлығаш- балабақша менгерушісі

Жалпы баяндамалар мен есептерді тыңдай келе 2019-2020 оку жылшының оку-тәрбие жұмыстары ойдағыдай жүріп жатқаны байқалады. Жұмыстарымыз жылдық жоспарға сай орындалуда. Индикатор, мониторингтер де талапқа сай болып тұр. Бізде балаларды патриоттықта тәрбиелу барысы күнделікті жүргізілетін жұмыстардың бірі.

Рысдәulet Ләйлә – тәрбиеші

Биылғы оку жылы біздер үшін оңайға түскен жок, себебі біздер екі жақтама жұмыс жүргіздік. 15 баламыз кезекші топта оқыса, қалғанына қашықтықтан оку қызметтерін ұйымдастырудык. Бәрірде балалардың өз көз алдымызда оқығанына жетпейді. Кейбір ата-аналар жіберген оку қызметін балаға көрсетіп, дұрыс бағыт бермейді. Ал, кебір ата-аналарбаласымен өте белсенді болды. 08 желтоқсанда Алқулова Назираның «Таным» білім беру саласы бойынша Жаратылыстанудан «Қызыл кітап» тақырыбы бойынша өткізген оку қызметінде жақсы өткізілді. Бала жасына сай, құрылымы жақсы, АКТ кеңінен қолданылды, тәрбиеші мақсатына жетті. Балалар өте жақсы жауап берді.

Жарты жылдық оку- тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп есептеймін.

Момбекова Айнур-тәрбиеші

-Мен жас маманмын. Балалармен жұмыс жасау үнайды. Барлық тәрбиешілердің ашық оку қызметтеріне қатысып, өзіме тәжірибе жинақтадым. Әдіскердің I жарты жылдықтағы оку-тәрбие жұмысы жөніндегі есебін қанағаттанарлық деп есептеймін. Барлығымыз да жылдық жоспарға сай жұмыс жасадық.

Омарова Бибигул – әдіскер

-Біздер балаларды өз Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелуіміз керек. Сонымен бірге салт-дәстүрімізді біліуге, тілімізді менгерте отырып, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіруге тиіспіз. Жоғарыда, баяндамалардан анғарғанымыздай балаларды патриоттықта тәрбиелу жұмыстары өз деңгейінде жүріп жатқанын байқадық.

Осы желтоқсан айында өткізілген ашық оку қызметтеріне келсек, мад тобындағы Рысдәulet Ләйләнің «Тәуелсіздік-елімнің еркіндігі» тақырыбындағы оку қызметінде шығармашылық жұмысы, халық ауыз әдебиетін қолдануы, Н. Аликулованың Жаратылыстанудан «Қызыл кітап» тақырыбындағы оку қызметінде АКТ қолдануы, ересек топта К.Оразбайдың математика негіздерінен: «Ұлттық санамақпен танысу» тақырыбындағы оку қызметіндегі ұлттық санамақ түрлерін қолдануы, Г.Қалаубекованың ортаңғы топтағы Математика негіздерінен

«Топтастыру» тақырыбындағы ашық оқу қызметіндегі дидактикалық ойынды шебер қолданғандары ұнады. Жалпы өткізілген ашық оқу қызметтері үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сай құралған, балалардың жас ерекшеліктерне сәйкес. Оқу қызметтерінде, балалар толық қатысты, шығармашылық, жеке жұмыстар орындалды. Балалардың сұрақтарға жауаптары да толық болды. Оқу қызметтері өз мақсаттарына жетті. Желтоқсан айында аудандық қашықтықтан өткізілген «Үздік тәрбиеші-2020» байқауында тәрбиешіміз Момбекова Айнұр жүлделі II орынды иеленді. Жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде деп есептеймін.

Қалаубекова Гаухар-тәрбиеші

-Биылғы оқу жылы кезекші топтармен басталды. Біздер сол бар баламен жұмыс жасадық. Ашық сабактарымызды да жоспарға сай өткіздік. Оқу – тәрбие жұмысыда стандартқа сай өткізілуде. Рысдәulet Ләйләнің Мад тобында 10 желтоқсанда өткізген «Тәуелсіздік-елімнің еркіндігі» тақырыбындағы оқу қызметі өте керемет өткізілді. Балалар шығармашылық жұмыс орындалды, тақпактар, мақалдар арқылы тілдерін дамытты. Аликулованың да ашық оқу қызметі тартымды өткізілді. Балалар қызыл кітіптың не екенін білді. Жалпы жарты жылдық оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп есептеймін.

Қаулы:

1. 2020-2021 оқу жылының I жарты жылдығындағы оқу –тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылып, қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. 2020-2021 оқу жылындағы I жарты жылдық қорытындысы бойынша жасалған аралық индикатор/мониторинг / бойынша тәрбиеленушілерді оқыту нәтижесі талапка сай деп саналсын.
3. Тәрбиешілердің «Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары» бойынша жасаған есептері қанағаттанарлық деп саналсын.
4. Г.Қалаубекованың «Оқу-тәрбие жұмыстарында инновациялық технологияларды» қолдану тақырыбындағы баяндамалары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
5. Оқу қызметтерін баланың жас ерекшеліктеріне сай түрлендіріп, жаңа инновациялық технология элементтерін қолдану педагог-қызметкерлерден сұрайлсын.

Жиналыс тәрағасы;

Хатшы:

К.Исмайыл

Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

30.03.2021

**Барлығы -12
Қатысқаны 12**

Күн тәртібінде:

1. Эр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері / тәрбиеші Н.Аликулова/
2. Сенсорлы дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету /тәрбиеші А.Момбекова/
3. Оқу іс –әрекетінен тыс уақытта «Қоршаған ортамен таныстыру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу» /Тәрбиеші Қ.Оразбай/
4. «Психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру» шеберлік сыннып Психологиялық қызметтің ағартушылық(профилактикалық) бағыты бойынша /психолог Б.Омарова/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Н.Аликулова баяндама жасады. /баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Момбекова баяндама жасады /баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Талипова баяндама жасады. /баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша психолог тренинг өткізді.

Сөз сөйлегендер:

Оразбай Қызынбаев-тәрбиеші

-Танымдық іс-әрекеттер арқылы баланың ой өрісі, киялы дамиды. Күнделікті бала тәрбиесінде оның алатын орны зор. Ал, дидактикалық ойын біздің жұмысымыздың бір бөлшегі деуге болады. Себебі, біз оқу қызметімізде балаларға дидактикалық ойын түрлерін көптеп қолданамыз. Ойын арқылы түсіндіру жұмыстарын жасаймыз. Тренинг арқылы бойымыз сергіп, көnlіміз көтерілді, жұмысқа деген құлшыныс оянды.

Омарова Бибигул-әдіскер

-Бұғінгі баяндамалардан көп қызықты хабарламалар алдық. Барлығы да күнділікті балабақша өмірінде қолданылады. Біздер балаларды балабақша табалдырығынан аттағаннан-ақ өзіне- өзі қызмет етуге, өз отанын сүюге ,

еліміздің салт-дәстүрін күрметтеуге, тілімізді білуғе үйретеміз. Кіші топтарда балалардың сенсорлық қабілеттерін дамытсақ, жоғары топтарда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырамыз. Яғни, әр баланың жеке дамуына ықпал етуіміз шарт. Сондыктан да әр тәрбиеші алдындағы әр баланың даму мүмкіндіктеріне мән бере отырып, жұмыс жүргізуі тиіс. Жалпы баяндамалар қанағаттанарлық деңгейде.

Қалаубекова Гаухар –тәрбиеші

-Мен ортанғы топта тәрбиешімін. Жалпы рухани жаңғыру аясында балалармен көптеген жұмыстар атқарамыз. Ең алдымен балаларға еліміздің рәміздері туралы түсінік береміз. Бала ұғымына сай ұлттық киімдеріміз, ұлттық тағамдарымыз, салт –дәстүріміз жайлы мағлұматтар беріп отырамыз. Тренинг қызықты болды.

Сыздық Нұржан –музыка жетекшісі

-Иә, қосыламын барлық баяндамалар қанағаттанарлық. Психологтың шеберлік сыйныбынан көп мәліметтер алдық. Балаларды отансүйгіштікке музыка арқылы да, тақпактар, өлең шумактары, тіпті ұлттық ертегіліеріміз арқылы да тәрбиелей аламыз,-деп өз ойын білдірді.

Қаулы:

1. Тәрбиешілер Н.Аликулованың, К.Оразбайдың, А.Момбековнаның баяндамалары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Психолог Б.Омаровың «Психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы шеберлік сыйныбы өз дәрежесінде өтті деп бағалансын.
3. Кіші топ балаларына сенсорлы –дидақтикалық ойындарды күнделікті бала тәрбиесінде қолдану сұралсын.
4. Әр баланың танымдық іс-әрекетінің дамуына барынша мүмкіндік жасау тәрбиешілерге жүктелінсін.
5. Жалпы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу тәрбиеші-педагогтардан талап етілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

К.Исмайыл

Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №5

27.05.2021

**Барлығы -12
Катысқаны 12**

Күн тәртібінде:

- 1.2020-2021 оку жылындағы жасалынған оқу-тәрбие жұмыстарына есеп берулер.
/әдіскер Б.Омарова/ есеп қоса тігілді
- 2.Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуы бойыншы тәрбиешілер есебі.
- 3.Балалардың бір жылдық үлгілік оқу бағдарлама материалдарын менгеруі.Бастапқы,аралық,корытынды жиынтық есеп нәтижелері.
/әдіскер Б.Омарова/
- 4.Кашықтықтан білім беру форматындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өткізуі нәтижесі,корытынды. /әдіскер Б.Омарова/
- 5.Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебі.
/Мейіrbike Ж.Туреханова/
- 6.Корытынды ашық оқу қызметтерін талдау /пед.ұжым/

Тындалды :

Күн тәртібіндегі өзіне тиісті мәселелер бойынша әдіскер Б.Омарова баяндама жасады. Біздің тәрбиелеу-білім беру процесіміздің негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік, танымдық, шығармашылық біліктер мен дағдыларды, әлеуметтендіруді қалыптастыру мен дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.Ал, мектеп алды тобында осылармен қоса тәрбиеленушілердің мектепте окуына табысты дайындығы үшін бастапқы мүмкіндіктерді жасауға тиіспіз. Осы міндеттерді білім беру ұйымының жылдық жоспарына; өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға; циклограммаға сәйкес жүзеге асырып отырдык.

Міне, 2020-2021 оку жылында тәрбиеленушілерімізге 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жүзеге асырылып отырды.Оку қызметтері барысында балаларды сынни ойлауға, балалардың пікірін білдіруін қалыптастыруға, дербестігін, жауапкершілігін, әлеуметте бағдарлай білуін дамытып отырдық.Балалардың командада жұмыс істей білуін - бұл бір-бірімен келісе білу,

өзара пікір алмасуды қолдау, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және өзге адамдардың әрекеттерін бағалай алатын қасиеттерін дамыттық. Сонымен қатар коммуникативтілік-қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табыса білулеріне жағдай жасалды. Жалпы оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп отырды.

Өнірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты, балабакшада 2020 жылдың 08 қыркүйегіне дейін мектеп жасына дейінгі балалармен сабактар өткізу, ата-аналардың қалауын ескере келе қашық форматта ҰОҚ өткізді.

2020-2021 оқу жылының Үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізілді. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностикалар нәтижесінде тәрбиеленушілердің жеке даму картасы құрастырылды. 2020-2021 оқу жылының қорытынды мониторингі мынадай болды. I деңгей -9%, II деңгей-36%,

III деңгей-55% құрады. Бұл жақсы көрсеткіш.

Оқу жылының сонында тәрбиеші-педагогтер қорытынды оқу қызметтерін өткізді. Ол ашық ҰОҚ жоспарға сай өткізді. Жалпы мамандардың барлығы да тәжірибелі тәрбиешілер. Бір ғана жас маман бар. Ол Момбекова Айнур. Онымен тәлімгер жұмыс жасады. Әдіскер кеңес беріп отырды.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша тәрбиешілер бір жылдық есептерін берді./есептер қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе бойынша оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебін мейірбіке Ж.Туреханова берді. Ол өз сөзінде 2020-2021 оқу жылында тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері қанағаттанарлық жағдайда болды. Себебі, біздер санитарлық-гигиеналық талаптарды түгел орынданап отырдық. Жұқпалы аурулар тіркелген жоқ.

Сөз сөйлегендер:

Ж.Қайрлыйбай –тәрбиеші

- Былғы оқу жылы алдыңғы жылға қарағанда тыныш бірқалыпты өтті. Себебі, елдегі короновирус жағдайы тұрақты болды. Балаларымыздың ата-аналары да балаларымыз да еркін балабакшага келіп жүрді. Тұрақты түрде өз білімдерін арттырды. Оқу –тәрбие жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілді. Біздер өз жоспарымызға сай жұмыс жасадық. Қорытынды ашық оқу қызметін өткіздік. Тәрбиеленушілеріміз үлгілік оқу бағдарламасының материалдарын менгерді. Тәрбиеші Рысдәulet Ләйлә «Бәйтерек» мад тобында «Қатынас» білім беру саласы бойынша Саят ашу негіздерінен «Щ» дыбысы» тақырыбында оқу қызметін өткізді. Балалар Щ дыбысының айтылу, жазылу заңдылығымен танысты. Педагог жетекшілігімен ойын үйымдастырылды. Халықтық педагогикадан жұмбактар шешілді.

Қ.Оразбай –тәрбиеші

2020-2021 оқу жылының жылдық есептерімен таныстық, Өздеріміз де есеп бердік. Жалпы оқу жылының оқу-тәрбие процесі стандарт талабына сай деп есептеймін. Тәрбиеленушілеріміз бес сала бойынша өздеріне тиісті білік білім дағдаларын бойларына сініре білді. Ата-аналар қорытынды оқу қызметтерімізде өз алғыстарын білдіріп жатты. Тәрбиеші Қалаубекова Гаухардың «Балбөбек» ортаңғы тобында Көркем әдебиеттен «Жаман жолдас» тақырыбындағы ашық оқу қызметі қызықты өткізді. Педагог жетекшілігімен ойын үйымдастырылды, коммуникативтік-тілдік қатынас

орната білді. Балалар өз пікірлерін ортаға салды, түсінік берді. Кері байланыс орнады. Өте жақсы.

Г.Қалаубекова –тәрбиеші

- Биылғы оқу жылы да тез аяқталып қалды. Балаларымыз бір жасқа өсіп жатыр. Оқу-тәрбие жұмыстары талапқа сай. Тәрбиеленушілеріміздің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі өте жақсы. Оны мониторинг қорытындысынан көруге болады. Қ.Оразбайдың «Балауса» ортаңғы тобында «Денсаулық» білім беру саласы, Дене шынықтырудан «Екі аяқпен алға қарай жылжи отырып секіру» тақырыбында өткізген оқу қызметінің негізгі бөлімі жақсы жоспарланған. Балалар тәрбиеші нұсқауын дұрыс орындаі алады, екі аяқпен алға секіруді менгерді. Момбекова Айнұр «Ботақан» кіші тобында «Қатынас» білім беру саласы бойынша Сөйлеуді дамытудан «Жазғы табиғат» тақырыбындағы оқу қызметінің мотвациясы тартымды болды. Балалар табиғат аясына серуенге шығып, жаз мезгілімен танысты. ҰОҚ мақсатына жетті.

Қаулы:

1. 2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылсын.
2. Тәрбиешілер мен әдіскер Б.Омарованаң 2020-2021 оқу жылына жасаған есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
3. Қашықтықтан білім беру форматындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өткізуі нәтижесі талапқа сай деп есептелінсін.
4. Балалардың бір жылдық үлгілік оқу бағдарлама материалдарын менгеруі талапқа сай деп табылсын.
5. 2020-2021 оқу жылындағы мейірбике Ж.Туреканованаң балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
6. Тәрбиеші-педагогтер жазғы маусымдық-сауықтыру жұмыстарына әзірлік жасасын.

Жиналыс төрағасы:

Қ.Исмайыл

Хатшы:

Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

27.08.2021

Барлығы -12

Қатысқаны 11

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті нормативті құжаттармен таныстыру
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін үйымдастару туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
3. Балабақшаның 2021-2022 оқу жылында атқаратын жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру және бекіту.
4. 2021-2022 оқу жылына топтардың жас ерекшелігіне қарай жасалған жылдық оқу жоспарымен және үйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстыру және бекіту. Оқу жылындағы вариативтік оқу қызметтерін талдау және бекіту.
5. Жас ерекшеліктеріне сай топтардың үйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен, күн тәртібімен таныстыру және бекіту
6. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 2021-2022 оқу жылына перспективалық жоспар құру үшін өтпелі тақырыптар және вариативтік оқу қызметтерін тандау және бекіту.
7. Педагог мамандардың аттестациядан өтулерінің ережесімен таныстыру 2021-2022 оқу жылында аттестаттаудан категорияға өтініш беруші педагогтармен таныстыру.
8. Балабақшада Әдеп жөніндегі кеңес құру туралы.

Тыңдалды:

Балабақша менгерушісі Қ.Исмайыл 2021-2022 оқу жылындағы басшылыққа алынатын нормативті құжаттармен таныстырды. Каантин жағдайында әр топ 15 баладан кезекші топ жасақтау қажет екенін, ересек және МАД топтарының қалған балалары қашықтықтан оқытынын айтты өтті. Балабақшадағы барлық санитарлық талаптар сақталуы тиіс екенін ескертті. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды.

Әдіскер Б.Омарова 2021-2022 оқу жылына топтардың жас ерекшелігіне қарай жасалған жылдық оқу жоспарымен және үйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен және әр топтың күн тәртібімен таныстырды. Биылғы 2021-2022 оқу жылында «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021 -2022 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін үйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау

хатын басшылықта алып жұмыс жасаймыз. Осы оқу жылына ұсынылған өтпелі тақырыптармен таныстырыды. Вариативтік компонентке келсек, ортағы топқа-1 сағат, ересек топқа -1 сағат, мектепалды даярлық топқа -3 сағат берілген. Ал, 2021-2022 оқу жылына вариативтік оқу қызметтеріне қай саладан, қандай оқу қызметтерін аламыз? және жаңартылған мазмұн бойынша жасалатын перспективалық жоспарға өтпелі тақырыптарды таңдал бекітейік деген ойын жеткізді.

Перспективалық жоспарды жасағанда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сүйеніп, оқу қызметтерінің мақсаттарын осы үлгілік бағдарламадан аласындар,-деді.

Сонымен қатар, ол педагог мамандардың аттестаттаудан өту ережесімен таныстырыды. Өткен оқу жылында тәрбиеші Рысдәulet Ләйлә өз мерзімінен бұрын педагог-зерттеуші санатына, Оспанова Молдир педагог-модератор санатына өтті деп атап көрсетті. Осы оқу жылында да тест тапсырып өз санаттарыңызды көтеруге болады деп ескертті.

Сөз сөйлегендер:

Қалаубекова Гаухар –тәрбиеші

-Биылғы оқу жылы да карантин жағдайында басталып отыр. Топтағы балаларымыз толық, 15 бала кезекші топта. Қалған 5 баламыз қашықтықтан оқиды. Ересек топқа вариативтік компонентке 2 сағат берілген. Біз оған «Ертегілер елінде» және «Шынықсан шымыр боласың» компоненттерін алсақ деген ойын білдірді. Оқу қызметтерінің кестесіне қарай перспективалық жоспарды және циклограмманы жасаймыз. Жылдық жоспар жақсы күрылған.

Аликулова Назира –тәрбиеші

-Мен жаңартылған мазмұн бойынша курстан өткем. Перспективалық жоспар мен циклограмманы жасауда қындық болмас деп ойлаймын. Ал, вариативтік компонентке бала ертегі арқылы өмірлік тәжірибе жинақтайдығой, сондықтан да «Ертегілер елінде», Баланың денсаулығы бәрінен де маңызды, сондықтан да «Шынықсан шымыр боласың», сонымен қатар қазіргі балалар музыкаға өте қызығады, бала жан-жақты болсын деп, «Вокал» компоненттерін алмақшамыз. Оқу қызметінің кестесі ,күн тәртібі талапқа сай жасалған. Жылдық жоспарды орындаймыз.

Момбекова Айнур- тәрбиеші

-Оқу жылының жылдық жоспары, оқу кестелері ,күн тәртібі көңілге қонымды. Алдағы оқу жылымыз сәтті өтсін.Мен органды топтың вариативтік компонентіне «Ертегілер елінде» тақырыбын алсақ деймін. Ертегіні жақсы көрмейтін бала жок. Өтпелі тақырыптарды бірлесіп алсақ,-деді. Әдеп жөніндегі кеңеске өзімізден зейнеткерлікке шыққан апайлардан Иман Бибісараны, Тұрынбай Сәрсенкүлді, ауыл би Шамет Бектайды, тәрбиеші Рысдәulet Ләйләні, бб кәсіподақ төрағасы Қалаубекова Гаухар,

Хатшыға тәрбиеші Талипова Гаухарды ұсынамын.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес, «Балдырган» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында кезекші топтардағы бала саны 15 баладан асырылмасын.
2. Балаларды кезекші топқа қабылдау ата-аналар өтініші арқылы жүзеге асырылсын. Қабылдау кезіндегі санитарлық-гигиеналық, басқа да талаптар қатаң сақталынын.
3. 2021-2022 оку жылының жылдық жоспары қанағаттанарлық деп табылып, оку жылында жүзеге асырылсын.
4. 2020-2021 оку жылының үйымдастырылған оку кестелері, күн тәртібі талапқа сай деп табылсын.
5. 2021-2022 оку жылының өтпелі тақырыптары төменде көрсетілгендей тақырыпта бекітілсін.
 1. «Балабақша»; 2. «Қош келдін, Алтын күз»; 3. «Бізді қоршаған әлем»;
 4. «Қызықты қыс мезгілі»; 5. «Алақай қыс келді!»;
 6. «Мен және қоршаған орта» ; 7. «Салт-дәстүрлер және фольклор»;
 8. «Әрқашан күн сөнбесін!; 9. «Бейбітшілік қорғаны»
6. Вариативтік компонентті жүзеге асыру үшін, Ортаңғы топқа : «Ертегілер елінде»; Ересек топқа: «Ертегілер елінде», «Шынықсан шымыр боласын»; МАД тобына: «Ертегілер елінде», «Шынықсан шымыр боласын», «Вокал»» вариативтік компоненттері бекітілсін.
7. Аттестаттаудан өтетін/ кезекті, кезектен тыс /педагогтар өтініші қабылданып, портфелиосы жинақталсын, ұлттық тестқа қатыссын.
8. «Балдырган» бөбекжай балабақшасының әдеп жөніндегі кеңесі мына құрамда сайлансын. 1. Иман Бибісара Еділкызы- төраға, зейнеткер; 2. Тұрсынбай Сәрсенкул -зейнеткер 3. Сейдулла Жанболат -ауыл әкімшілігінің заңгері, 4. Шамет Бектай -ауыл биі, 5. Рысдәulet Ләйләтәрбиеші, 6. Қалаубекова Гаухар – бб кәсіподак төрағасы 7. Қаржаубай Ұлбала

Жиналыс төрағасы:

К.Исмайыл

Хатшы:

Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

26.11.2021

Барлығы -11

Қатысқаны -11

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру барысындағы ойындардың ролі

1. Эр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері. Бала үні /Ж.Қайрлыбай/

2. Ересек топтағы балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында педагог жетекшілігімен өткізілетін ойындардың рөлі /Л.Рысдәulet/

3. Құрылымдалған және еркін ойындардың бала дамуына әсері /Г.Қалаубекова/

4. Кіші топтағы балалардың сенсорлық-танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында қолданылатын ойындардың бала дамуына әсері / А.Момбекова/

5. Ашық оку қызметтерін талдау

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамалар толық оқылды.
Баяндамалар коса тігілді.

Сөз сейлекендер:

1. Талипова Гаухар-тәрбиеші

-Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру бізде кіші топтан басталады. Алдымен балалардың сенсорлық қабілеттерін дамытудан бастаймыз. Екі жасар балаларға заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастырамыз, қолдың ұсак бұлшықеттерін, «көз-кол» сенсоматорлық кеңістік үйлесімділігін дамытамыз. Жаңартылған мазмұнда әлі оқымадым. Бірақ оқып аламын, келсе. Женіскүлдің баяндамасынан «Бала үнін» қалай ескеруге болатынын білдім, яғни оку қызметтеріндегі ойын барысында, еркін ойындарда да бала үнін тындауымыз керек екен. Сонда баланың еркін өз мүмкіншілігі бойынша жұмыс жасаудына ықпал ете алады еkenбіз. Тәрбиеші қыздардың ашық оку қызметтері жаман емес, талапқа сай. ПШО-да оқыған қыздардан үйренетініміз көп

2. Сыздық Нұржан –музыка жетекшісі

-Иә ,қазір балаларға еркіндік берген жөн, себебі кішкентай балалар бәрін өзі жасағысы келеді. Біз оларға тек қолдау көрсетіп отырсақ, бала еркін, өз ойын жеткізе алатын болып ер жетеді. Өз идеяларын ортаға сала алады. А.Момбекованаң ортанғы топта Жаратылыстанудан өткізген «Күшік –біздің досымыз» тақырыбындағы ашық оқу қызметінде күшікке қамкоршылық көрсету, достық туралы айтылды. Күшікке үйшік құрастырды. Монтессорий элементтері қолданылды.

3. Омарова Бибигул- әдіскер

-Қазіргі таңда оқу-тәрбие жұмысы жаңартылған мазмұнға өтуде. Біздегі педагогтардың біразы әлі жаңартылған мазмұнды оқыған жоқ. Сондықтан да оларда жаңартылған мазмұн бойынша түсінік қалыптасу үшін, жоғарыдағы тақырыптарды күн тәртібіне қойдым.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты- баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда менгерген білім, білік, дағдыларын тиімді колдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Балалардың танымдық, әлеуметтік мотивтерін жүзеге асыру және оқу-ойын қызметіне қызығушықтарын, ынтасын дамытуда отбасы мен мектепке дейінгі үйымның өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастығын қамтамасыз ету бойынша білімі жетіледі;

Қазіргі заманғы білім беру үдерісінде 4К моделін: креативтілікті, сын тұрғысынан ойлауды, коммуникативтілікті дамыту және командада жұмыс істей білуді дамытудың теориялық аспектілері туралы түсінік қалыптастырады. Бұлардың барлығы да педагог жетекшілігімен ойында, құрылымдалған және еркін ойындар арқылы жүзеге асырылып отырады.

Л.Рысдәүлеттің «Таным» білім беру саласы бойынша Жаратылыстану дан «Табиғат құбылыстарын калай бакылауға болады?» тақырыбындағы оқу қызметі баланың жас ерекшелігіне сай, жаңартылған мазмұнда үйымдастырылған. Бала үні есекрілді, командалық жұмыс орындалды, кері байланыс жасалды. Өте жақсы. Ж.Қайрлыбайдың «Мад тобында Әлеумет»,

Қоршаған ортамен танысадан «Тәуелсіздікке -30 жыл» тақырыбындағы оқу қызметінде Тәуелсіздіктің калай келгені жайлы әңгімеленді, өлең- такпактар айтылды. Оқу қызметі тартымды болды. Г.Талипованаң «Таным» білім беру саласы бойынша Сенсорикадан өткізген «Тұрлі түсті дәрумендер»

Тақырыбындағы ашық оқу қызметінде балалар жеміс түстерін ажыраты

отырып, дәрумендер туралы түсінік қалыптастырыды. Оку қызметтері талапқа сай. Г.Қалаубекова Математика негіздерінен: «Салыстыру. 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тұра және кері санау» тақырыбындағы ашық оку қызметін жаңартылған мазмұнда өткізді. Оку қызметі барысында педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған ойын ұйымдастырылды.

4. Оразбай Қызығылтас-тәрбиеші

-Мен де әлі ПШО-да біліміміді жетілдірген жокпын. Жаңартылған мазмұнда оқыған қыздардың баяндамасынан, әдіскердің түсіндірме жұмыстарынан көптеген мәліметтер жинап, үйреніп жатырмын. Бұл кенестен аларымыз көп болды. Оку-қызметтерінің мақсаттарын үлгілік оқу бағдарламасынан баланың жас ерекшелігіне сай алып жатырмыз. Бұған педагог жетекшілігімен ойынның, құралымдалған және еркін ойындарды қалай ойнату керек екенін, қалай құруға болатынын үйрендік. Бала үнін қалай ескеру керектігін білдік. Ашық оқу қызметтері баланың жасына сай қызықты откізілді. З ойын түрін колдануды үйрендік.

Қаулы:

1. Тәрбиешілер әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктерін кеңінен колдансын. Оку –тәрбие жұмыстары барысында «Балы үні» ескерілсін.
 2. Жаңартылған мазмұнда біліктіліктерін жетілдіріп келген тәрбиешілерден топтағы балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында баланың жас ерекшелігіне сай педагог жетекшілігімен ойындарды кеңінен колдану сұралсын.
 3. Балалардың жас ерекшелігіне қарай құрылымдалған және еркін ойындарды оку –тәрбие жұмыстарына кеңінен колдану жаңартылған мазмұнда біліктіліктерін жетілдіріп келген тәрбиешілерден сұралсын.
 4. Кіші топтағы балалардың сенсорлық-танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында оку қызметтері ойын түрінде ұйымдастырылсын.
 5. Тәрбиешілерден баланың жеке тұлғасын коршаған әлеммен өзара іс-қимыл жасау дағыларына, заттардың қасиетін бағдарлауға, қарапайым математикалық ұғымдарды, ізденіс-эксперименттік әрекеттерін дамыту талап етілсін.

Жиналыс төрагасы:

К.Исмайыл

Хатышь:

Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

11.01.2022

Барлығы -13

Қатысқаны -13

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп берулер /әдіскер, тәрбиешілер/
2. I жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау/аралық /әдіскер Б.Омарова
3. Сарапал оқыту стратегиясын оқу қызметтерінде колдану. /әдіскер Б.Омарова/
4. Ұйымдастырылған оқу қызметінде Монтессорий технологиясын колдана отырып, баланың танымдық белсенділігін арттыру./ тәрбиеші А.Момбекова/
5. «Оқу іс-әрекетінен тыс уақытта балаларды отансұйғаштікке тәрбиелу» салыстырмалы тексеру аныктамасы. /әдіскер Б.Омарова/
6. Откізілген ашық оқу қызметтерін талду

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші,екінші,үшінші ,бесінші мәселелер бойынша әдіскер Б.Омарова баяндама жасады. / баяндама коса тігілді/

Ол өз сөзінде 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында оқу-тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сай жүзеге асырылғанын айттып отті. Тәрбиеші- педагогтер өз оқу қызметтерін үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыруға бағыттады. Атап айтқанда баланың өмірін корғау, денсаулығын нығайту жұмыстарына баса назар аудара отырып, заттық –кеңістіктік органды құра білді. Балалардың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік дамуына бағытталған білім беру салаларын оқу қызметтерінде кіркітре отырып, Монтессорий, ТРИЗ , Денсаулық сактау технологияларының элементтерін және Кюзенер таяқшаларын көтеп колданды. Нәтижесінде оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талапқа сай орындалды.

I жарты жылдықта балабакша тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бес білім беру саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша менгеруге тиісті білім,білік, дағдылар көлемі аралық мониторинг нәтижесі бойынша II және III деңгейдегі

тәрбиеленушілердің үлесі -75% көрсетті, яғни бұл жақсы көрсеткіш талапқа сай.

Саралап оқыту стратегиясын оку қызметтерінде қолданудың тиімді тұстары өте көп. Саралап оқыту стратегиясының 8 түрі бар. 1) Нәтиже 2) Қызығушылық мүдле 3) Қарқын, жылдамдық, уақыт; 4) Педагогттің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға колдау көрсетуі; 5) Ресурстарды саралау 6) Диалог/сұрақтар колдану 7) Заттық-кеністіктік ортаны үйымдастыру 8) Топтарға, рөлдерге бөлу. Үйымдастырылған оку қызметтерінде осы саралап оқыту стратегиясының бірнеше бөлімін алғып қолдануларыңызға болады. Мысалы: Топтық, ұжымдық жұмыс үйымдастырсаңыздар бала өз бетінше ұжымдаса енбек етуге бейімделеді және де жанындағы әріптесімен санасады, ойларын ортага салады. /мұнда қызығушылық мүдле орын алғып тұр/. Бұл жұмыстарға белгілі бір уақыт беріледі, яғни қарқын, жылдамдық орын алғып тұр. Сіз алдын ала топтық жұмысқа ресурстар даярлап койыныз. Мұнда ресурсты саралау орындалды. Жұмысты орындау барысында балалар белгілі бір нәтижеге жетеді. Міне, саралау стратегиясын үйымдастырылған оку қызметінде осылай қолдансаныздар болады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Үйымдастырылған оку қызметінде Монтессорий технологиясын қолдана отырып, баланың танымдық белсенділігін арттыру» тәрбиеші А.Момбекова баяндама жасады. /бандама қоса тігілді/

«Оку қызметінен тыс уақытта балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу» салыстырмалы текстеруді Б.Омарова қорытындылады.

Өз Отанын сүюгे, құрметтеуге, адамгершілікке баулу мақсатында Ортаңғы және кіші топтарда қыркүйек айында «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында мерекеліктер өткізіліп, балаларды өз Отанын сүюге, Казакстан Республикасының Рәміздерін құрметтеуге, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыра білді. 03 желтоқсанда МАД «Бәйтерек» тобында Тәрбиеші Ж.Қайрлыбай «Тәуелсіздікке -30 жыл» тақырыбында ашық оку қызметін өткізді. Еліміздің Тәуелсіздікке онай жетпегенін, желтоқсан оқиғасын баяндай отырып, өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналғанын жеткізе білді. Балалар отан туралы өлеңдер оқып, ән салды. Сонынмен қатар күннің екінші жартысында да барлық тон балалары отан туралы такпактар жаттап, туған жердің көрікті табигатын теледидар, слайд тектасы арқылы тамашалап отырды. Жалпы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балаларды ұлттық салт-дәстүрімізді білуге, жалпы адамзаттық құндылықтарға патриотизм мен толеранттылыққа, зияткерлікке баулып отырамыз деп қорытындылады.

Сөз сөйлегендер:

Қалаубекова Гаухар-тәрбиеші

-Биылғы 2021-2022 оқу жылы ойдағыдай отуде. Мінеки I жарты жылдық та аяқталды. Біздің «Балбөбек» ересек топта 22 бала бар. Оқу –тәрбие жұмыстарына стандартты және үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жасадык. Аралық мониториг қорытындысы әдіскер айтқандай жақсы дәрежеде. Ашық сабактарға келсек, Мад «Байтерек» тобында тәрбиеші Л.Рысдәүлеттің 30 караашада «Таным» білім беру саласы бойынша жаратылыстанудан өткізген «Tipi және өлі табиғат» тақырыбындағы ашық оқу қызметі өте тамаша өткізілді. Баланың жас ерекшелігіне сай, бағдарламаның түйінді идеялары 4к моделі қамтылған, саралау стратегиясы енгізілген. Балалар оқу қызметіне қызығушылықпен катысты. Момбекова Айнұрдың 23 караашада «Ботақан» ортаңғы тобында жаратылыстанудан «Күшік-біздің досымыз» тақырыбындағы оқу қызметінде күшікке күзенер таяқшаларынан күшіктің үясын жасады, оны күтіп бағу жөнінде кенестер берілді. «Ит –адамның досы» екенін балаларға ұқтыра білді. Макал-мәтелдер айтылды. Оқу қызметі мақсатына жетті.

Жалпы I-жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарын қанағаттанарлық деп есептеймін.

Оразбай Қызығылтас-тәрбиеші

-Жалпы оқу-тәрбие жұмыстарын үлгілік бағдарлама негізінде 5 білім беру саласының талаптарын жүзеге асыруға тырыстық. Үйымдастырылған оқу қызметтерін жылдық міндеттемеге сай «Таным» және «Денсаулық» салаларын кіркітре жүргіздік. Балаларды салт-дәстүрімізді білуге, өз отанын сүюге оқу қызметтерінде және күннің екінші жартысында үйретіп отырамыз. Рысдәүлеттің Мад тобындағы оқу қызметі жаңартылған мазмұнда керемет өтті. Аларымыз, үйренетініміз көп екен. Г.Талипованың 18 караашада «Балауса» кіші тобында сенсорикадан «Түрлі- түсті дәрумендер» тақырыбында өткізген ашық оқу қызметіне балалар қызыға катысты. «Дәмінен ажырат» ойыны арқылы балалар дәрумендермен танысты. Оның ағзага пайдасын білді. Жалпы барлық ашық оқу қызметтері талапқа сай.

Исмайыл Қарлығаш –менгеруші

-Биылғы оқу жылы да карантиндік жағдайда өтіп жатыр. Бізде барлық карантин талаптары сақталуда. Қашанда осы талапты орындауымыз керек, себебі, бала өмірі баршамызға қымбат. 2021-2022 оқу жылының жарты жылдық корытындысы қанағаттанарлық деп есептеймін. Аралық мониторинг те осының дәлелі. Биыл З-тәрбиеші, әдіскер және мен ПШО-да өз білімімізді жетілдірдік. Ашық оқу қызметтерінің барлығына да катыстым. Л.Рысдәүлет, Г.Талиповалар енбек өтілдері 30 жылға жуықтаған өте тәжірибелі тәрбиешілер. Г.Қалаубекованаң ашық оқу қызметі де жаңартылған мазмұнда өткізілді. Құрылымы баланың жас ерекшелігіне сай, 4к моделі ескерілген. Әдіскер Б.Омарова мен тәрбиеші А.Момбекованаң баяндамалары түсінікті жақсы жасалған.

Қаулы:

1. I жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп есептелінсін.

2. I жарты жылдықтағы тәрбиеленушілердің білім-білік дағдыларының аралық диагностикалау нәтижесі канагаттанарлық деп есептелінсін.
3. Сарапап оқыту стратегияларын ұйымдастырылған оқу қызметтеріндегі колдану тәрбиешілерге ұсынылсын.
4. Өз білімдерін үнемі жетілдіру, инновациялық әдістер мен технологияларды колдану тәрбиешілерден сұралсын.
5. Тәрбиеші-педагогтардың I жарты жылдықта өткізілген ашық оқу қызметтері талапқа сай деп табылсын.
6. Жылдық міндеттемемізге сай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балаларды ұлттық салт-дәстүрімізді білуге, өз отанын сүюгеге жалпы адамзаттық күндылықтарға баулу жұмыстары одан әрі жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:  К.Исмайыл

Хатшы:  Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

30.03.2022

Барлығы -11

Қатысқаны -11

Күн тәртібінде:

Тақырыбы:"Дене шынықтыру арқылы бала денсаулығын нығайту және дене шынықтыру оку қызметінің дұрыс үйымдастырылуы"

1.Дене шынықтыру оку қызметінің дұрыс үйымдастырылуы./тәрбиешілер тәжірибесінен тәрбиеші Г.Талипова/

2.Денсаулық сактау технологиясын оку қызметінде қолданудың бала денсаулығын нығайтуға әсері. /тәрбиеші Ж.Қайрлыбай/

3.Бала денсаулығын нығайтуға арналған дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер.
/тәрбиеші А.Момбекова/

4.Көрме:Денсаулықты нығайтуға арналған дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер.
/К.Оразбай/

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша "Балауса" кіші тобының тәрбиесісі Талипова Гаухар дене шынықтыру оку қызметін бала денсаулығын нығайта отырып жүргізуін әдіс -тәсілдерін ортаға салды. Кіші топтағы балаларға бұл оку қызметін жан-жануарлардың жүрісін, қымылдың, іс-әрекеттерін қайталата отырып жүргізуін өз нәтижесін беретінін айтып етті. Сонымен қатар қымылды ойындарды баланың жас ерекшелігін ескере отырып ойнату, бала денсаулығына он әсерін тіргізеді,-деді./баяндама қоса тігілді/.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Қайрлыбай баяндама жасады.Ол өз сөзінде мектепке дейінгі тәрбие үйымдарындағы бұлдіршіндер тәрбиесін жан - жақты жетілдіре отырып, бала денсаулығын сактаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындалап отырған жағдайлардың бірі екенін атап көрсетті.Балабақшада оку-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сактау мен нығайту мәселелерін медбике мен педагогикалық қызметкерлер бірлесе атқарса бала дамуы үшін дұрыс болады. Денсаулық сактау технологиялары баланы ынталандыруға,салуатты өмір салтына үйрету,түзетуге бағытталған , -деп атап көрсетті./баяндама қоса тігілді/

Бала денсаулығын нығайтуға арналған дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер жөнінде тәрбиеші А.Момбекова хабарлама жасады.

Баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын - алуда тек қана баланың қымыл белсенділіктерін көтеру аздық етеді, сонымен қатер жүйелі шынықтыру шараларын өткізу керек.Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға

дәстүрден тыс жұмыс түрлерін де пайдаланғаны абзal. Мысалы: жалаң аяқ жүру-табан мен буындарды бекіту әдісі болғандықтан, барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырыған ұтымды. Сонымен қатар ертеңгілік жаттығуларды әртүрлі формада ұйымдастыру керек.

- Тыныс алу жаттығулары
- Жалпақтабандылықтың алдын алу
- Созылу(стретчинг)
- Көзге арналған жаттығулар.

Тәрбиеші Қ.Оразбай денсаулықты нығайтуға арналған дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерге байланысты құрал-жабдықтардан көрме ұйымдастырды.

Сөз сөйлегендер:

Л.Рысдәulet- тәрбиеші

- Балабақшада баланың денсаулығын нығайту біздің борышымыз десек те болады. Күнделікті алдымызға келген балаларға күн тәртібіне сай ертеңгілік жаттығуды жасатамыз. Қимылды ойындар ұйымдастырамыз. Денсаулық сақтау технологиясының элементтерін де қолданамыз. Әсіресе дәстүрден тыс әдіс -тәсілмен жасалған жаттығуларға балалар белсене қатысады. Негізі бүгінгі баяндамалар мен іс-тәжірибелер өте күнды дүниелер болды.

Г.Қалаубекова- тәрбиеші

- Бала денсаулығы бәрінен де маңызды. Баланың дені сау болса, бала оку-тәрбие жұмыстарына да белсене қатысады. Баланың денсаулығын нығайту дың басты құралы баланың жас ерекшелігіне сай жасалған -күн тәртібі.

Күнделікті жаттығулар мен дene шынықтыру оқу қызметтерін талапқа сай ұйымдастырсақ, ол өз нәтижесін береді. Жоғарыда баяндалғандай дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді бала денсаулығын нығайтуға кеңінен қолдануымыз керек.

Б.Омарова -әдіскер

- Тәрбиешілердің баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дene жаттығуларын жасауға қызгушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда денсаулық сақтау технологиясының элементтерін кеңінен қолданғаны жөн.

Күн тәртібіне сай таңертенгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді деп ойлаймын. Себебі, ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғакты жұмыс жасайды, жиырылуы - босауы, тыныс алу, дем алушмен - дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады. Дене шынықтыру оқу қызметтерінде дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды да қолданып отырган жөн. Себебі, ол балаларды ынталандырады. Баяндағы жасаушы педагогтердің жұмыстары қанағаттанарлық, нақты жасалған. Көрме де көңілге қонымды.

Қаулы:

1.Күнделікті таңертенгі жаттығулар күн жылы мезгілдерінде күн тәртібіне сай таза ауда ұйымдастырылсын.

2. Дене шынықтыру оқу қызметтеріне денсаулық сақтау технологиясының элементтері енгізілсін.
3. Бала денсаулығын нығайтуға арналған жаттығуларға, ойындарға дәстүрлі және дәстүрден тыс күрал-жабдықтарды колдану тәрбиешілерден сұралсын.
4. Тәрбиешілер Г.Талипова, Ж.Қайрлыбай, А.Момбекова, Қ.Оразбайлардың баяндамалары мен жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
5. Балаларды дені сау, психологиялық және интеллектуалдық түрғыда жан-жақты қалыптастыру тәрбиешілерге жүктелінсін.
6. Тәрбиеші- педагогтер баланың денсаулығын нығайту және сақтау, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру үшін өз кәсіби шеберліктерін арттырып отырсын.

Жиналыс төрағасы:  К.Исмайыл
хатшы:  Б.Омарова



Педагогикалық кеңес хаттамасы №5

27.05.2022

Барлығы -11

Қатысқаны -11

Күн тәртібінде:

- 1.2021-2022 оку жылындағы жасалған оқу-тәрбие жұмыстарына есеп беру.
- 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы бойынша 2021-2022 оку жылының есебі.
- 3.Балалардың бір жылдық үлгілік оқу бағдарламасын менгеруі бойынша бастапқы, аралық, қорытынды жиынтық есеп нәтижелері.
- 4.Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебі.
5. Жазғы кезеңдегі маусымдық-сауықтыру жұмыстарының іс-шара жоспарын қару,бекіту
6. Қорытынды ашық оқу қызметтерін талдау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиешілер есеп берді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша 2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде әдіскер Б.Омарова есеп берді./есеп қоса тіркелді/

Әдіскер Б.Омарова педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстарына талдау жасады.Ол өз сөзінде мемлекеттік стандартқа сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылықта ала отырып, бес сала бойынша жұмыстар атқарылды. Оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сай атқарылып отырғанын, оқу қызметтері де өз дәрежесінде өткендігін,күн тәртібіне сәйкес вариативтік оқу қызметтері де ойдағыдай өткендігін атап көрсетті. МАД тобының балалары сауат ашу негіздерінен байқауларға қатысып , 5 тәрбиеленуші марапатталды, "Ботақан" ортаңғы тобының 6 тәрбиеленушісі сурет салудан қашықтықтан байқауға қатысып марапатталды.

Мамыр айындағы тәрбиеленушілердің біліктіліктері мен дамуының қорытынды жиынтық есеп бойынша монитрингі мынадай көрсеткішті көрсетті.

I деңгей-16%, II деңгей- 40 %, III деңгей-44%

Мониторингтен байқағанымыздай 2021-2022 оқу жылының қорытындысы өте жақсы деп айта аламыз.Яғни, стандарт талабына сай.

Келесі мәселе бойынша жазғы кезеңге арналған маусымдық сауықтыру жұмыстарының жоспарымен оқу кестесін,күн тәртіптерін таныстырыды.

Қорытынды ашық оқу қызметтеріне барлықтарыңыз қатыстыныздар. Өз ой-
пікірлеріңді ортаға салыңыздар деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Қ.Оразбай-тәрбиеші

Биылғы оқу жылыда біз кіші топпен жұмыс жасадық. Жылдың басында екі жасар балалардың балабақшага бейімделуі оңай болған жоқ. Көптеген қыншылықтарды артқа таstadtық. Дегенмен қазір тәрбиеленушілеріміз өз жас ерекшеліктеріне сай білім алғып, тәрбиемен сусыннады. Өздеріне өздері қызмет жасайды, тамақты ішу гигиенасын талапқа сай менгерді. Қорытынды диагностика нәтижелері де жаман емес. Маусымдық сауықтыру жұмыстары да ойдағыдай өтеді деп сенемін. Тәрбиеші Ж.Қайрлыбай «Денсаулық» білім беру саласы бойынша дene шынықтырудан « Секірутұрларі» тақырыбындағы оқу қызметі қызықты өткізілді. Балалар нұсқауды нақты орынданап тұрды. Топтық жарыс ұйымдастырылды. Талапқа сай өткізілді.

Н.Сыздық-музыка жетекшісі

- Менің бір байқағаным, барлық топ балалары музыканы сүйеді, қызығады, өлең айтЫп, би билегісі келеді. Әсірсе МАД тобы балалары өте белсенді. Кейбір жеңіл ырғактарға ілесе ән салады бірнешеуі. 2021-2022 оқу жылының қорытындысын стандарт талабына сай деп есептеймін. Маған Рысдәulet Ләйләнің МАД тобында сауат ашудан өткізген ашық оқу «Сауат ашу әлеміне саяхат» тақырыбындағы ашық оқу қызметі ұнады. Әсірсесе «Жоғалған әріптер» ойыны өте қызықты болды. Балаларға ұнады.

С.Төлекова-тәрбиеші

Менің тәрбиеші болғаныма көп уақыт болған жоқ. Кішкентай балалармен жұмыс істе өте қын екен. Баланың тілін табу, өзінде баулу оңай шару емес. Соған қарамастан өз білімінді жетілдіре отырып, осы мамандықтың қырсырын менгеремін. Осында кеңестерден көп мәлімет аламын, үйренемін. Әріптерімнің өткізген ашық оқу қызметтеріне қатысып, өзіме тәжірибе жинақтадым.

Г.Талипова-тәрбиеші

2021-2022 оқу жылының оқу – тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп есептеймін. Қалаубекова Гаухар «Балбебек» ересек тобында Сурет салудан «Бақбақ ғұлі» тақырыбындағы ашық оқу қызметінде бақбақ ғулін «Эбру» әдісімен салғаны тартымды болды. Балалар тапсырманы қызыға орыннады. Момбекова Айнұр «Ботақан» ортаңғы тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша дene шынықтырудан «Жүгіру» тақырыбында оқу қызметі жарыс түрінде өткізілді. Алдымен жалпы дамыту жаттығуларын жасады, сосын негізгі қимылдарды орыннады. Баланың жас ерекшелігіне сай өткізілді. Мен нұсқау беру барысында сылдырмак немесе ысқырық қолданылса дұрыс болар еді деп ойлаймын. Жалпы тәрбиешілердің өткізген ашық оқу қызметтері талапқа сай

Қаулы:

1. 2021-2022 оку жылындағы тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейі мен дағдыларының қорытынды нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
3. 2021-2022 оку жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы талапқа сай деп табылсын.
4. Тәрбиешілердің қорытынды ашық оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін.
5. 2021-2022 оку жылының оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылсын.
6. Жаз мезгілінің маусымдық сауықтыру жоспарлары, кестелері, күн тәртібі бекітілсін.

Жиналыш төрағасы:



К.Исмайыл

хатшы:

Б.Омарова